



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M04202 – ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
- DIGITAL LAW
- (ғылыми-педагогикалық бағыт)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫ Ң МАҚСАТЫ

Бизнес, мемлекеттік қызметтер сервистері, цифрлық экономика үшін бірегей заманауи пәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттерге ие, онлайн режимінде мәмілелерді жүзеге асыратын, цифрлық құқықтың құқықтық актілерін кәсіби қолдануға қабілетті, Қазақстан заңгерлері элитасының бір бөлігі бола алатын және жұртшылықтың қазіргі заманғы сын-қатерлеріне жауап бере алатын, цифрлық құқық саласындағы күрделі жағдайлар мен дауларды шешуге қабілетті IT және цифрлық құқық саласында (АКТ технологиялары саласындағы жоғары білім базасында) магистр-заңгерді даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

IT және цифрлық құқық саласындағы заңгер, цифрлық құқықтық қатынастарда мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – цифрлық құқық мәселерін шешудің жаңа және инновациялық ғылыми тұжырымдамаларын пәнаралық контексте қолдану;

ОН2 - алынған білімді стандартты емес күрделі міндеттерді шешу үшін қолдану; алынған IT-құзыреттер контекстінде цифрлық құқық саласындағы жаңа жетістіктерді сыни бағалайды;

ОН3 - зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру әдістерін; оқытудың проблемалық әдістерін; ақпараттық және коммуникациялық SMART және STEM технологияларын меңгерген; инновациялық өнімді жасау үшін жаңа теориялар, әдіснамалар және технологиялар контекстінде өз зерттеулерінің негізінде жаңа және бейтаныс контексте шешімдер қабылдайды,

ОН4 – өзінің кәсіби қызметіне қатысты бөлігінде еңбек және жұмыспен қамту нарығына бейімделеді (экзистенциалды құзыреттілік дағдылары жүйесіне ие - еңбек нарығын зерттеу, түйіндеме құру, әлеуетті жұмыс берушімен әңгімелесу және келіссөздер жүргізу),

ОН5 – корпоративтік менеджментті жүзеге асыра отырып, топта жұмыс істей білу; өзінің білімі мен іс-әрекетін сыни бағалайды, оқуды жалғастыруға қабілетті,

ОН6 - шет тілдерінде кәсіби қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын меңгеру.

ОН7 - *цифрлық экожүйелерді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдау және түсіндіру, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға және қолданыстағы заңнамада еркін бағдарлануға қабілетті.*

ОН8 - *цифрлық құқықтық қатынастарда заңи кеңестер беру және цифрлық дауларды шешу.*

ОН9 - *цифрлық технологияларды қолдана отырып, қарым-қатынасқа қатысушылардың тәуекелдерін азайту бойынша ұсыныстар жасау.*

ОН10 - *нақты жағдайларды құқықтық талдау дағдыларын меңгеру, цифрлық құқық бағдарламасын игеру бойынша стандартты емес және балама шешімдер қабылдауға және білім алуда инновациялық идеяларды іске асыруға қабілетті.*

ОН11 - *құқықтық салада ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін қолдану, академиялық адалдықтың мәні, қағидалары мен мәдениетін түсіну.*

ОН12 – *цифрлық құқық мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, сыни талдау дағдыларын меңгеру.*